

# ЕРДІГІС

дидары

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ

1999 жылдан бастап шығады

№07 (77). 2008 жыл. 23 қыркүйек

Бес жылга жуық сарғая күткен күн де туып, 2002 жылдың 26 қыркүйегінде Қаныш есімі Керекудің ең бір асем де әрі тарихи көшесіне таңылды. Бес жыл деп отырганымыз «Академик Қаныш Имантаұлы Сәтбаевтың 100 жылдық Мерейтойын еткізу тұрасында» облыс әкімінің 1998 жылдың 29 шілдесінде (№ 246) қабылданған шешімінен кейінгі кезең. Осы күжатта бекітілген іс-шаралардың бірінде ғалымның туғанына 1999 жылдың 12 сәуірінде 100 жыл толуымен байланысты қалады орталық көшесіндердің бірі Дзержинский көшесінің атауын өзгертіп, оған академик Сәтбаев есімін беру үйарылған. Алайда шешім өз кезеңінде орындалмай қалған. «Игіліктін ерте – кеші жок» деген фой. Фарыш шырақтарының бірінже есімі қойылған ғұлама бабамыз енді міне өзінің туып-өскен қасиетті елкесі-Ертістік Павлодар обнірінің ұлдарға лайықты төрінен орын алды. Осыншама маңызды тарихи оқиғаның күәгері болғанымызды мақтан етеміз. Қоңіл асқақтап, алабұртқан қуаныш сезімі билесе де парасаттылыққа женгізіп, «тәубе» дейміз. Қаңекенді құрметтеудің арқасында тағы да екі көше үлт зиялдары – Қекім Есенәлиев және генерал Дүйсенов есімдерімен аталды. Бұған да шүкіршілік етеміз. Заңды ма, заңсыз ба, қалай болған күнде де қалалық мәслихаттың күзырына қалдырылып, үзақ жылдар «мараторий» жарияланып, құлыштылған берік бекітілген осы мәселенің бүгіндегі кілті табылып, он шешілуі бұдан кейінгі де жақсы істердің бастамасы деп білеміз.

Қомақты бір папкаға тізбектелген осы мәселе төңірегінде өткен уақыттардағы облыстық ономастика құжаттарынан қоз жүгіртсек, айтылмаган сөз, жазылмаған қағаз қалмаганын көреміз. Басқа да коғамдық үйімдармен бірлесе отырып, бұз мәселеге облыстық «Қазақ тілі» қоғамы да белсенді араласқаны байқалады. Тізімде

# Фасыр тұлғасына үрпактар тағзымы

27 қүжат тіркелген. Сонын ішінде Қаңекеннің әмір жолын зерттеп, жинақтаған туындысын М. Горькийдің үйімдастыруымен дүниеге келген «Жизнь замечательных людей» антологиясына алғаш рет енгізген белгілі жазушы Медеу Сәрсекеевтің, К. Сәтбаев атындағы Халықаралық кордың президенті Қекімбек Салыковтың, академик А. Сағыновтың тағы басқа да ел азаматтарының облыс, қала әкімдеріне, қалалық мәслихатқа, облыстық ономастикалық комиссияға ғалым есімін қаламыздың бір көрнекті көшесінже беруді өтініп жазған хаттары бар.

Әр жемістің өзінің пісіп жетілтеп мезгілі бар. Бұз іс те өз мезгілінде орындалған болар. «Сабыр тұбі сары алтын» дейді дана халқымыз. Ел ағаларын алаңдатып ойландырған, бүкіл өлкे жүртшылығының, одан қалды жалпы үлттымыздың намысна тиіп, қоңілінде қаяу салған осындағы келенсіз жайттің дұрыс шешілуі – ең адымен облыс әкімі Данніял Ахметовтың тікелей ықпал етуінің нәтижесі деп білеміз. Өйткені құжаттардан Дәкеннің бүл істің басы-қасында болғаны байқалады. Жаңағы тізімдегі ең бірінши тіркелген Ж. Аймаутов атындағы театраның хаты да осы кісінің атына жолданыпты. Өзі бастаған ісін өзі нәтиелі ақтаган Дәкен әнді міне халқының ризашылығына бөленип, елінің енсесін бір көтеріп тастанды десек, асыра айтпаған болармыз. Халқының жогары мақсат-мұддесі деңгейнен көрінебілу, ел иғілігіне шынайы қызмет ету нағыз азаматтықтың белгісі. Эрдайым ойға алған орынды істеріңіз жемісті ақталаңы, арман бійгінен көріне берініз деген тілек білдірімз.



Осы орайда қаламызағы ен асем Дзержинский атаулы даңғылға академик Сәтбаев есімін беруге белсенді араласып, атсалысқан қала әкімі Н.И. Чмышка, облыстық ономастикалық комиссияның тәрағасы О.Қ. Қожановқа және бұл іске колдана көрсеткен көзі ашық, қоңілі ояу, түсінігі мол, парасатты басқа да казақ, орыс тағы басқа үлт екілдері азаматтарына да ризашылығымызды білдіріп, раҳметтіміздің айтқымыз. Бұл дегеніміз – шынаайы достықтын, бір-біріміге деген сенімнің, адалдықтын айқын айғағы. Әрқашанда осы жолдан таймайық, бірлігіміз нығая, бекі берсін дегіміз келеді.

Мұрат Әбдірахманов,  
облыстық «Қазақ тілі»  
қоғамының төрагасы.